

**Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі
«Гаухар» бөбекжай-бақшасы**

**«Бізге көлік қалай және қандай көмек
көрсетеді?»**

Жол қауіпсіздігіне байланысты ойын

Өткізген: психолог Буркутова Б.Т.

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?»

Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру және олардың адам өміріне пайдасы туралы мағлұмат беру. Жол қауіпсіздік ережелерін сақтауға, көшеде сақтықпен жүруге үйрету. Жауапкершілікке, мұқият болуға тәрбиелеу.

Кейіпкерлер:

Жүргізуші (психолог)

Балалар

Көліктер: Жедел жәрдем, Өрт сөндіру көлігі, Полиция көлігі, Автобус, Жүк көлігі (Балаларды рөлдерге бөлуге немесе дайын макет/маскаларды қолдануға болады)

Басталуы

Жүргізуші:

– Балалар, айналамызға қарасақ, түрлі көліктерді көреміз. Көліктер бізге не үшін керек? Олар бізге қандай көмек көрсетеді? Бүгін осыны бірге білейік. Қане, көліктер әлеміне саяхат жасайық!

Музыка ойнап, сахнаға көліктер кезекпен шығады.

1-көрініс: Жедел жәрдем

Жедел жәрдем:

– Мен – Жедел жәрдеммін. Біреу ауырып қалса, дереу көмекке келемін. Адамдарды ауруханаға жеткіземін.

Балалар:

– Сен адамдардың өмірін құтқарасың!

Жүргізуші:

– Дұрыс айтасындар, балалар! Бұл көлік – өте маңызды.

2-көрініс: Өрт сөндіру көлігі

Өрт сөндіру көлігі:

– Түтін шығып, өрт болса – мен бірінші келемін. Үлкен шланғыммен жалынды өшіремін.

Балалар:

– Өртті сөндіріп, адамдарды құтқарасың!

Жүргізуші:

– Иә балалар, Өрт сөндірушілер – батырлар!

3-көрініс: Полиция көлігі

Полиция көлігі:

– Мен көшеде тәртіп сақтаймын, жол ережесін қадағалаймын. Адамдарға қауіпсіз жүруге көмектесемін.

Балалар:

– Сен жолды реттеп, бәрінің қауіпсіздігін қорғайсың!

Жүргізуші:

–Иә балалар, полиция ағайлар елдің тыныштығын сақтайды.

4-көрініс: Автобус

Автобус:

– Мен адамдарды мектепке, жұмысқа, саябаққа апарамын. Көп адамды бірден жеткізе аламын.

Балалар:

– Саған отырып, қала ішінде жүреміз!

Жүргізуші:

–Дұрыс, балалар, автобуспен баратын жерімізге бәріміз бірге жете аламыз.

5-көрініс: Жүк көлігі

Жүк көлігі:

– Мен азық-түлік, құрылыс материалдарын, ойыншықтарды дүкендерге тасимын.

Балалар:

– Дүкендегі тағамдар сенің көмегіңмен келеді!

Жүргізуші:

–Иә балалар, бізге керегімізді жеткізіп отыратын осы жүк көлігі.

Қорытынды

Барлық көліктер қатар шығады.

Жүргізуші:

– Міне, балалар, көрдіңдер ме? Әр көлік адамға көмек көрсетеді.

Жедел жәрдем – емдеуге,

Өрт сөндіру – өрт сөндіруге,

Полиция – қауіпсіздікке,

Автобус – тасымалдауға,

Жүк көлігі – қажетті заттарды жеткізуге көмектеседі. Көліктердің бізге тигізер пайдасы осындай екен.

Балалар (хормен):

– Көліктер бізге көмектеседі! Оларға рақмет!

Қысқа би немесе ойын

Музыка қойылады. Балалар “Көлік қай дыбыс шығарады?” ойынын ойнайды:

Жедел жәрдем: «У-у-у»

Өрт сөндіру: «Уа-уа!»

Автобус: «Бип-бип!»

Балалар әуенге сай қимыл жасайды.

Назарларыңызға рақмет!